


Айтмұқан Әлімұлы



ТУЫСТАРҒА  
ЕСТКЕРТКІШІ



**Айтмұқан Әлімұлы**

**ТУЫСТАРҒА  
ЕСТКЕРТКІШ**

**2009 ЖЫЛ**



### Құрметті оқырман қауым!

Сіздерге осы шығарылған өлеңдерімнің кейбіреуіне түсініктеме сияқты немесе алғы сөз ретінде және өзім туралы жазуды жөн көрдім

Мен негізі Омбы облысы Есілкөл ауданы Бақабас ауылында тусам да, өсіп- өнген жастық шағым Солтүстік-Қазақстан облысы Ақжар ауданы (ол кезде Ленинград ауданы болатын) Киев совхозында өтті. Жеті жылдық мектепті бітіргеннен кейін Целиноград облысының финансы- экономикалық техникумын бітіріп, елге келіп әртүрлі салада қызмет еттім. Өлең шығаруды жас кезімнен үйренсемде көп өлеңдерім ешқайда жазылмай қалып қоя берген. Құдай тағалам маған әртүрлі өнер берсе де жазушы өнерін үйрене алмадым. Сол себептен сіздерден алдын ала кешірім сұрап осы кітапшамда айтылған сөздерімде, өлеңдерімде қателік болса жоғарыда айтылған мекен жайыма жазып жіберулеріңізді сұраймын.

Осы өлеңдерімді оқитын болсаңыздар, өздеріңізде байқарсыздар, шығарылған өлеңдердің көбі тоқсаныншы жылдары қайта құру кезеңінде яғни елімізге қыйыншылық күн туып тұрған кезде шыққан. Осы кезде пайдаланған еліміздегі білімді азаматтарымыздың өзі қара халықты алдап- арбап өз пайдасын ойлап жүрді. Халық қайран қалып кімге сенерін білмеді. Менінде сол кездері бажырайып тұрған шындықты өлең қылып айтқаннан басқа пайдам болмады. Сол күндері осы өлеңдерімді тыңдаған адамдар бір серпіліп қалушы еді. Ал бүгінгі күні сол қыйындықтар өтіп, еліміз жақсырып кемшіліктер жойылып жатыр. Бірақ өлеңім жойылмаса екен деймін, кейінгі ұрпаққа сол заманымыздың ескерткіш белгісі болып қалсын деп, осы кітапшаға жазып отырмын.

**Жазушы мен, Айтмухан.**

## Берері бар өлеңдер

Айтмұқанды мен сонау 90 – жылдардан білетін едім. Аудандық «Қазақ тілі» қоғамы ұйымдастырған іс-шараларға үнемі ат салысып жүретін. Қолынан домбырасы түспей өзі айтқандай Шымболатша әндетіп жіберетін. Ол ұлттық сезімнің оянып, ұлттық намыстын әрбір қазақта бастау алған кезі болатын. Айтмұқанның сахнада салған әндері, айтқан термелерінің мазмұны уақытпен үндесіп жататын. Соңғы он – он бес жылда айтқандарын (осылай деу дұрыс шығар) енді міне кітап қылып шығарғысы келіп отыр. Әрине, бұл буындылар қазіргі поэзияның талаптарына сәйкес келе де бермейтін шығар. Бірақ, шындық пен қажеттілік айтып отырғаны анық. Ол жазғандары жоғалып кетпес үшін ұрпағына кітап қалтырғысы келеді. Автор өлеңдерінде де ұрпақтың жайын ойлайды. Мысалы:

Тыңдаңыздар, азаматтар, ағамыз

Артымызда өсіп келед баламыз

Жас кезінен адал жолға салмасақ

Есейгенде келмей қалар шамамыз-дейді.

«Адал жол» деп отырғаны ана тілінде сөйлеу, халқының әдет. Ғұрпы мен дәстүрін сақтау, дін мен дінге деген құрмет. Бұл шындық былай айтылды:

Тұңғұйықта, меңіреу бір балықпыз

Момындықпен орыстарға жағыппыз

Тілің түгіл дінімізден айрылып

Шоқынуға аз-ақ қана қалыппыз.

Осылай деп отырып қазақы мінездің кемшіліктерін сынауды да ұмытпайды.

...Ыңғи қазақ бола қалсақ бір елде

Құдай біледі, бір көшеге симаймыз немесе

...Өмір бойы ата айтысып, алысып

Келе жатсың кәдімгі ит пен мысық боп.

Ал, нарық заманының бастапқы жылдары тұралы шындықты сол күйінде бере алған.

Ұры-қоры елге ойран салады Рәкетерің сұрағанын алады

Жоғалғандар шыбынға ұқсап табылмай

Кісі өлтіру ойыншық боп барады тағы да.

... Ас бердің деп бабаларға жыл сайын

Төгіп-шашып үйге мас боп қайтамыз.

Ауыл халқының жағдайы туралы:

Бақырлаған қырың салды малдарын

Мал қораны түгі орнымен жалмадың

Білемісің егістік жер иесіз

Шегіртке мен құдай билеп алғанын

Айтмұқанның кітаптағы ең соңғы өлеңі 2007 жылы жазылыпты. Елдегі оң өзгеріс-берді тілге биік етіп.

Елу жылда ел жаңа депті бекер Он бес жылда өзгерді.

Қазақстан деп жырлайды ол.

Осы кітап Айтмұқанды ұрпақтарының мәңгі еске сақтауында көмектесіп қана қоймай оқыған азаматтарға елдің, ауылдың откені туралы хабар берер сөзсіз.

**Степан Бақтыбаев**

**Аудандық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы, ақын.**



### **Домбыра**

Қысқанда көңілімді тасқын келіп,  
Тұрамын домбырамды тарқым келіп.  
Жиылған ойын, қызық мәжілісте,  
Жастарға білгенімді айтқым келіп.

Көтерген көңілімді күносінге?  
Күмбірін домбыраның сезесіңбе?  
Қайғыңмен қызығыңда бірге жүрген,  
Қасиетін домбыраның білесің бе?

Домбыра ақындардың қолғанаты,  
Қурағаш болғанымен бұның заты.  
Ғасырлар серік қылып қазағыма,  
Жаратқан бір құдайдың ғаламаты.

Тартқанда домбырамды шертіп, серпіп,  
Көңілім көтеріледі өрге кетіп.  
Сырласып өзінменен оңашада,  
Сыйпаймын жас баладай еркелетіп.

Домбыра-жан серігім, жансыз адам,  
Сенсіз жерде болар ма қызық думан.  
Сенсіз жерде қазағым қазақ емес,  
Менсінбеген қазақтың өзі надан.

Адамдар, домбыраны сыйлаңыздар,  
Ағаш деп қиянаттық қылмаңыздар.  
Үні сіңіп қанына қазағымның,  
Араласып келеді талай жылдар.

Тартқанда домбыраны жепілдетіп,  
Көкейден бір ой келеді ентелетіп.  
Жеткізе алсам, шіркін-ай, қасиетінді,  
Кейінгі жас ұрпаққа өлеңдетіп.

Айтмұхан, әкем аты Әлім еді,  
Қолымда ақ домбыра сәнім еді.  
Қастерлеп ұстасын деп домбыраны,  
Жастарға айта салған әнім еді.

**(1991 жыл)**

## Кенесары патшамыздың жылдық тойына толғау.

Жыр сандықтың аузын ашып қарайын,  
Білгенімді ортаға әкеп салайын.  
Кенесары патшамыздың тойында,  
Шынболаттай бір шыңғырып қалайын.

Тойларыңыз құтты болсын, қазағым,  
Той дегенде бір серпіліп қаламын.  
Бүгін, міне, бір аударып тастадық,  
Кенесары бабамыздың аруағын.

Кімге керек өнер қуып жүргенім,  
Кімге керек өлең айта білгенім?  
Осындайда айта алмасам шындықты,  
Домбырамды құр сүйретіп жүргенім.

Тыңдаңыздар, азаматтар, ағамыз,  
Артымызда өсіп келеді баламыз.  
Жас кезінен адал жолға салмасақ-  
Есейгенде келмей қалар шамамыз.

Қазіргі жас біліп тұр ғой өздері,  
Бірнеше тіл құбылып тұр сөздері.  
Үлкен болып ақыл айтқан адамға,  
Ежірейіп шыға келед көздері.

Қазақшаны қалай ғана ұғады?  
Орысшылап жауап беріп тұрады.  
Шетелдердің салтыменен секіріп,  
Сахнаға тыр жалаңаш шығады.

Экраннан көріп осы сойқанға,  
Қазағыма лайықсыз деп айтам да.  
Өлең емес тәнін жұртқа көрсетіп,  
өнер буып кеткен ұқсап сайтанға.



Түсінбеймін, мұндайда өнер бола ма?  
Мұсылмандық қазағымнан қала ма?  
Бір күндері ақындар да жалаңаш,  
Сахнаға домбыра ұстап шыға ма.

Бұрынғыдай намазды кім оқиды?  
Кәрілерің жайнамаздан шошиды  
Кеудесінде дін тазалық болмаса,  
Жамандықтан басқа нені тоқиды.

Замананың ырғағына салынып,  
Қариялар кеткен әбден шалығып.  
Алпыс пенен жетпістеге шалдарың,  
Жүрген жоқ па, арақ ішіп қағынып.

Кейбір елде молла да жоқ сенімді,  
Мен білмеймін мұны қалай дерімді.  
Кейінгі ұрпақ кәпір болып өтеме?  
Қайран елім не көзіңе көрінді.

Кәрілерден сонда нені тосқанбыз?  
Мұны көрген не боламыз басқамыз?  
Дінің үшін, тілің үшін, жер үшін,  
Соғыспап ед Кенесары патшамыз.

Шынболаттың салсам осы әніне,  
Шындықты айтқым келіп тұрады бәріне.  
Жеті жылдай қайта құрып келеміз,  
Жақсылығы көрінбейді әлі де.

Бұл бетімен қай заманға барамыз,  
Жазылмайтын болғанымға жарамыз.  
Өзің егіп, Өзің егіп орасаң да,  
Қара нанды зорға сатып аламыз.

Дүкендерден қандай киім табамыз,  
Тегі, түбі жалаңаш боп қаламыз.  
Алып сатар «алаяқтар» көбейіп,  
Шеттен шығып шырқап кетті бағаңыз.

Жоғарғылар бітпеген соң жанжалы,  
Еліміздің берекесі қалмады.  
Бастықтардың бөлісе алмай билікті,  
Жай халыққа түсіп тұр ғой салмағы.

Жиналыстар мылжың болып барады,  
Айтқан сөздер сол арада қалады.  
Тиянақты мақсаты жоқ түйін жоқ  
Жұмыс өнбей жұрт жалтақтап тұрады.

Тәртіп болмай жұрт тәлтекке босады,  
Бірі олай – бірі бұлай тартады.  
Сондайлардың басын қосып шайнайтын,  
Кенесары керек боп тұр қаһары.

Қасиетті қарапайым қазағым,  
Аз емес қой тартып келген азабың.  
Жетпіс жылдай жем боп жөнге көне алмай,  
Талайлардың естідік қой мазағын.

Орыстардың айтқанына көндік қой,  
Молодец деп мақтанғанға сендік қой.  
Аңқау қазақ дарқандыққа салынып,  
Жер байлығын желге шашып келдік қой.

Шүкір қазір алға қарай ұмтылдык,  
Бостандық ап бір пәледен құтылдык.  
Ұмытылып қалған бабаларды еске алып,  
Бүгін, міне, әжептәуір құтырдык.

Бүгін жастар кәрілерден бата алсын,  
Баталары жаңа өмірге аталсын.  
Ел билеген басшыларым аманбоп,  
Астанамда Назарбаев жасасын.

Осыларым аман есен жүрсе екен,  
Қалқымызға не керегін білсе екен.  
Ақылменен солар бізді басқарып,  
Жер жүзінде бейбітшілік туса екен.

Ендігі өмір қуанышқа толса екен,  
Қазағымның өз тәртібі боса екен.  
Кенесары патшамыздың аруағы,  
Назарбаев Нұрсұлтанға қонса екен.

Қайран елім, аптықпандар, аспандар,  
Бытырамай бірлігінді сақтандар.  
Патшамызға көз, тіл тиіп кетпесін,  
Мақтасанда байқап-байқап мақтандар.

Қайран елім, аптықпандар, аспандар,  
Бытырамай бірлігінді сақтандар.  
Патшамызға көз – тіл тиіп кетпесін,  
Жан – жағыңа бір түкіріп тастандар.

(1992 жыл)

## ДОСТАРЫМ АЙ!

Баста десең бір әнді бастайын, ай,  
Жалындырып достарды тоспайын, ай.

Бір, екі ауыз ән салып достарыма,  
Желпіндіріп көңілді тастайын, ай.

Ойын – тойда қосылып бастарың ай,  
Мен де келіп отырдым қастарың ай.

Осындайда айтпаған өлеңдерді,  
Әуре болып несіне жаттадым ай.

Осындай бір жаңа әнді ашқаным ай,  
Сіздер үшін қадірлі достарым ай.  
Өздеріңмен кездесіп қалған кезде,  
Еске түсіп кетеді жас шағым ай.

Өлеңдетіп атты өмір ақ таңым ай,  
Қызығына өмірдің батқаным ай.  
Ойлап кетсем бір сәтке қайран жастық,  
Сенен артық бақытты таппадым ай.

Күн шуақты көгілдір аспанымай,  
Көңілімді қимаған достарым ай.  
Әні ғой деп Айтымның айтып жүрші,  
Құрдасымдай ойнаған, жастарым ай!

(1996 жыл)

## АБАЙ АТАМЫЗДЫҢ 150 ЖЫЛ ТОЙЫНА.

Абай тойы жатыр бүгін тойланып,  
Ұлы тойда ақындар жүр толғанып.  
Мұсылманда жалғыз ғана Абайды,  
Данышпаным лесем білмейді қай халық.

Абай атам – бұлақ сөздің арнасы,  
Абай атам – халқымыздың айнасы.  
Өткір тілі көкірегіне наданның,  
Сұғып – сұғып алатұғын найзасы.

Атамызды бүгін жақсы білеміз,  
Атып кеткен жобасына келеміз.  
Көп мақтауды Абай атам сүймеген,  
Кемшілікті айтпай болмайды біреуіміз.

Айтатұғын келді бүгін ынғайға,  
Құр айғайдан болмасада еш пайда.  
Қашан осы қиындықтан құтылып;  
Көз ашылар заман қайда, заң қайда.

Жақсы өмірді аңсап өткен Абай да,  
Кемшілігін көзге басып талайға.  
Бірақ, қазақ артың ауыр халықпыз,  
Түсінеміз батқан кезде мандайға.

Қазақ деген қарапайым халықпыз,  
Көп нәрседен мақұрым боп қалыппыз.  
Асыл жанды дер кезінде тыңдамай,  
Енді, міне, бір сөзіне зарықпыз.

Тұнғұйықта меңіреу бір балықпыз,  
Момындықтан орыстарға жағыппыз.  
Тілің түгіл дінімізден айрылып,  
Шоқынуға азақ қана қалыппыз.

Бөтен ұлтты бауыр тартып сыйлаймыз,  
Өзімізден пәле жәла жинаймыз.  
Ыңғай қазақ бола қалсақ бір елде,  
Құдай білед, бір көшеге сыймаймыз.

Ақыл айтса - әжептәуір тыңдаймыз  
Жамандыққа жорғалаған құрдаймыз.  
Қанша қазақ жуас халық дегенмен,  
Бір қисайсақ оңайлықпен тұрмаймыз.

Осындай бір қыңырлығың қырсық боп,  
Бір – біріне көнбеген соң бірлік жоқ.  
Өмір бойы ата айтысып,  
Келе жатсың кәдімгі ит пен мысық боп.

Осы мінез қалмай жаңға батады,  
Жаңа өмірде мұның көп қой шатағы.  
Бірің кетсең өрге басып биіктеп,  
Екінші кеп етегіңнен тартады.

Заманымыз тұрғой қазір қиындап,  
Қиындықтар өте шығар құйындап.  
Жерді жарып шығар әлі даңқымыз,  
Талай – талай қиындықтар кейін қап.

Халқым бүгін қиындықтан қашпаңдар,  
Бұрынғыдай жалқаулықты тастаңдар.  
Баспен ойлап, қолмен еңбек етпесең,  
Біреу әкеп береді деп тоспаңдар.

Ағайынның ара жігін ашпаңдар,  
Байлық үшін жамандыққа баспаңдар.  
Шет елдерге күлкі болып жүрмейік,  
Елімізді жақсы өмірге бастаңдар.

Азаматтар, асқынбандар, аспандар,  
Құрып кеткір мафияны тастандар.  
Арың үшін, кейінгі ұрпақ, бала үшін,  
Аз да болса әділетті сақтандар.

Бүгін халқым дүбірлеттің абайлап,  
Заман өзі айт деп тұр ғой айғайлап.  
Еліңді ойла, айналайын бастықтар,  
Соза бермей бір – біріңе қарайлап.

Бүгін керек Абай атам нақылы,  
Бүгін керек Абай ақылы.  
Бүгін керек адал жаңдар Абайдай,  
Ақыл айтар ғадыл адам батылды.

**(1995 жыл)**

## АБАЙ – ДЕСЕМ !

Абай десе-көңілім елең етеді,  
Абай десе-көмейім өлендетеді.  
Қасиетті сөздері Абай атам,  
Ойланбай-ақ аузыма келе кетеді.

Абай сөзі адамды адал етеді,  
Абай сөзі наданды адам етеді.  
Абай атам сөздері шымырлатып,  
Жүрегінді найзадай қадап өтеді.

Абай десе-көңілім елең етеді,  
Абай десе-көмейім өлендетеді.  
Қасиетті сөздері Абай атам,  
Ойланбай-ақ аузыма келе кетеді.

Абай сөзі қазақты қазақ етеді,  
Абай сөзі халқымды таза етеді.  
Әділетті сөздері Абай атам,  
Арсыздарды аямай мазақ етеді.

Абай десе-көңілім елең етеді,  
Абай десе-көмейім өлендетеді.  
Қасиетті сөздері Абай атам,  
Ойланбай – ақ аузыма келе кетеді.

Абай атам өнері өрге кетеді,  
Абай атам өлеңі өлмей өтеді.  
Жалын атқан сөздері өлеңінің  
Кеудемізде мәңгілік сәнбей өтеді.

Абай десе – көңілім елең етеді,  
Абай десе – көмейім өлендетеді.  
Қасиетті сөздері Абай атам,  
Ойланбай – ақ аузыма келе кетеді.

(1995 жыл)



## ҚЫЗЫМА.

Ау, қызым-ай, қызым-ай,  
Көңілді кеттің бұзып-ай.

Жүрегімнің бір қылын  
Кеттің-ау, қызым, үзіп-ай.

Қараша ағаш басында  
Сен де бір өскен жүзім-ай.

Балбырап піскен шағында  
Әкетті біреу үзіп-ай

Жылаттың да, қуанттың-  
өмірдің бұл да қызығы-ай.

Анда санда бір ғана  
Көретін болдым жүзінді-ай.

Бұрыңғыдай ұрысып  
Бермеймін енді ызындай.

Еркелетіп, құлыным,  
Тенедім сені жұлдызға.

Біреуге жасың толса да,  
Бой жетіп – ақ қалсаңда,

Өзіме әлі құлындай 3 рет



Ақылым саған, қызым-ай,  
Жақсы бол, қызым, бұзылмай.  
Келін боп түстің жат жұртқа,  
Байқап бас жүрген ізіңді-ай.  
Қазір сенде дұшпан көп,  
Жүреді бәрін тізіп-ай.  
Жаңа құрған отауың  
Кетпесін біреу бұзып-ай.  
Өмірдің әлі алдында  
Қызығы да, шыжығы-ай,  
Ашы да болар, тұшы да.  
Астың салған тұзындай.  
Серігінмен жарасып  
Толқынынан өмірдің  
Аққудай өтші жүзіп-ай. 3 рет

(1995 жыл)

## АҚАН СЕРІ АТАМЫЗДЫҢ 150 ЖЫЛ ТОЙЫНА ТОЛҒАУ.

Ұлы тойда айғалап ән салғанда,  
Қай қазақ бар оянбайтын жалғанда.  
Айғайламай – айғайламай болама,  
Ақан серім 150 –ге толғанда.

Қуанғаннан айғайлап ән салғаным,  
Осы той еді көптен күткен арманым.  
Бішқынамын бар дауыспен әдейі,  
Шақырамын Ақан бабам аруағын.

Аруағы естимісің Ақанның,  
Бір күндері қасыңа кеп жатармын.  
Бүгін сізді мерей тоймен құттықтап,  
Шындықты айтып мауқымды бір басамын.

Айғайламай қайтем халқым ашынбай,  
Горбачевың қатырды ғой басымдай  
Минут сайын жарнамасын зарлатып,  
Тыңдай – тыңдай құлақ әбден сасыды-ай.

Заманымыз бара жатыр өзгеріп,  
Ақша құнсыз-сыйыр пұлды көз көріп.  
Алып-сатар алаяқтар сапырып,  
Аңқауларың көшеде жүр сенделіп.

Ар, ұяттан жүрдай болып тазардық,  
Әділетті басып кетті арамдық.



Бұл заманда түлкі болып жүрмесен,  
Аш, жалаңаш қалтырады адалдык.  
Осы болса болашақтың тосқаның,  
Несіне онда адам болып жаралдык.

Ұры-қары елге ойран салады,  
Рекетерің сұрағанын алады.  
*Ж*Оғалғандар шыбынға ұқсап табылмай,  
Кісі өлтіру ойыншық боп барады.

*М*үмкін, менің түсінігім шамалы,  
Мүмкін, сондай жаңа өмірдің адамы.  
Әділдік жоқ, шындығы жоқ, тәртіп жоқ,  
Бүйткен өмір қай уақытта оңады.

Айта берсем толып жатқан кемшілік,  
Тоқтар емес көреалмастық күншілік.  
Толып жатқан партияға бөлінсек,  
Қайдан болады елімізде біршілік.

Баға өсуі қай уақытта басылар,  
Байлық келіп бағың қапан ашылар.  
Бір байлардан құтылдықпа дегенде,  
Қандай бай кеп қай жағыннан қамшылар.

Нарықты өмір болу үшін мәңгілік,  
Күшті тәртіп құру керек заңдығып.  
Әділетсіз байлар еді білмесе,  
Кетпеу үшін Ақанға ұқсап қаңғырып.

Ақан да осы әділетті сүйген жан,  
Ақан да осы халқым үшін күйген жан.  
Ақан да осы арсыздармен алысып,  
Қайғыменен қаңғып кетіп көз жұмған.

Ақандардай қайта тумас асылдар,  
Есімдердің тасқа мәңгі басылар.  
Бүкіл қазақ аруағынды ардақтап,  
Құран оқып қабіріңе бас ұрар.

Құрметтеген атақты үлкен ақындар,  
Ұлы тойда әділетін айтындар.  
Ауылдағы біздерді кім тындайды,  
Сендер жолын осындайда лапылдар.

Бар арманым: ел бүлініп жатпасын,  
Шет елдердің қасіретін тартпасын.  
Соғыс қылып азап шеккен аз емес,  
Бір құдайым сол пәледен сақтасын.

Күтем мен де бір құдайдың ондауын,  
Болашақта жамандықтың болмауымн.  
Кешір, халқым, қате болса сөзімде,  
Осы әкелген мерей тойға толғауым.

(1994 жыл)

## АҒАМ ДӘУЛЕТЖАНҒА !

Қайғылы болдың, анамыз.  
Арыстай түсіп балаңыз.  
Кәртайып келген шағында,  
Бар еді қандай жазаныз.  
Қолдан келер дәрмен жоқ  
Қамығып жылап қаламыз.  
Дәулетжан, сендей бауырды  
Іздесек қайдан табармыз.

Бұл сапарға барғаның  
Жазуы шығар алланың.  
Қапыда кеттің, даригай,  
Орындалмай арманың  
Жайнаған жаңа өмірдің  
Қызығына қанбадың.  
Жанға жаман батады-ай  
Жапанда жалғыз қалғаның.

Тұрақсыз сыйқыр сұм дүние-ай  
Тәңірдің берген сыйлығы-ай,  
Кәртайып өтсең арман жоқ,  
Жастай кеткен қиын-ай  
Тым болмаса бір балаңның  
Қызығында бола алмай,  
Үңірейіп орының  
Түнеріп қалған үйің-ай.



Алла да алар тәуірін,  
Шулатып ел жұрт ауылын  
Арманда кетіп барасың  
Ақ көңіл, аңқау бауырым.  
Жеткені сол ма құдай-ау,  
Таусылып дәм тұз – азығың.  
Алғандай алла азаптап  
Бар еді қандай жазығың.

Анаң қалды зарланып,  
Жолдасың қалды сандалып,  
Төрт балапан артында  
Ұшарында қомданып.  
Маңайда жақсы туысың  
Тағдырына таң қалып,  
Жүнеріп үйдің төрт бұрышы.  
Өшкендейболды шам жанып.

Азалы берген асың-ай  
Қырыққа келген жасындай  
Онашада жылаймын  
Ащы қайғын басылмай.  
Дәләйым қашан келер деп-  
Балалар сені тосудай,  
Сен жатырсың қозғалмай,  
Қара жердің астындай.

Қызығып дүние жимадың.  
Көңілін жұрттың қимадың.  
Қазақ түгіл орысты  
Туысындай сыйладың  
Қолай ша асыл, бауырым,  
Бұл өмірге сыймадың.  
Көз алдымнан кетпейді  
Мұнайып қарап тұрғаның.



Бір бауырдан айырылдым,  
Бір қанаттан қайырылдым.  
Тіршілікте сезбеппін,  
Дәулетжан, сені сағындым.  
Мұңайып түскен бейнеңе,  
Құр суретке табындым.  
Айталмай осы өлеңім,  
Жылай-жылай қажыдым.

Алланың ісі ауыр-ай,  
Оғанда керек тәрі-ай,  
Зарлағанмен бола ма,  
Жеткен соң қуып дағдыр-ай.  
Өтіп жатыр дүниеден,  
Талайдың қыршын бауыры-ай.  
Қабыл боп жатсын соларың  
Қасиетті қабірі-ай.

**(1984 жыл)**

## САДВОКАСОВ СМАҒҰЛДЫ ЕСКЕ АЛУ ТОЙЫНДА.

Той – думанның ұстап келіп қаруын,  
Сәлем бердім, қалың қазақ ауылым.  
Есіне алып тойлап жатқан ардақтап,  
Садвокасов Смағұлдай бауырым.

Бүгінгі той ерекше бір тойлансын,  
Ұлы тойда өкпе, реніш болмасын.  
Ақсақалдар қабыл болып дұғасы,  
Риза болып аруағы аунасын.

Қазағымның қасиетін білгендер,  
Смағұлдай ұлтын, тілін сүйгендер.  
Үлгі болып кейігі жас ұрпаққа,  
Осы тойда шындықты айтып сөйлендер.

Ұлы Көкшем асыл жандар жүрген жер,  
Халқым үшін талай отқа күйгендер.  
Ұлтым үшін, елім үшін, жер үшін,  
Маңдайынан аққан тері сіңген жер.

Асыл аға, асқар таудай арманың,  
Өте шықтың осы күні болмадың.  
Қиын қыстау заманына кез болып,  
Жала жапқан жаудың оғын қармадың.

Халқым сонда аңқаулығың мол еді,  
Сталинді құдай тұтып кеп еді.  
Қарғыс атқыр Голощекин дегендер,  
Смағұлға күн көрсетпей кеп еді.

Сол құдайын өлді деген күнінде,  
Қайдағы бір Москваның түбінде.  
Бүкіл елді жылатып еді еріксіз,  
Балалардың шығар ма деп үнінді.

Күні кеші бізге теңдік бермеді,  
Талай асыл арманда өтіп жерлеңді.  
Сол бауырлар Сталиннен кем бе еді,  
Түрегеліп еске алайық ерлерді.

**(1993 жыл)**

## МӘДЕНИЕТ ҮЙІ АШЫЛҒАНДА

(1993 ж. 20.12)

Ал, кәнекей, ағайын,  
Асқақ әнге салайын  
Домбырамды азырақ  
Желпіндіріп алайын.  
Бүгін өлең айтпасам  
Еліме қалай қараймын.  
Қуанышқа бүгінгі  
Өлеңді шашу қылайын.  
Есігі бүгін ашылды  
Мәдениет сарайдың.

Келіндер, халқым, келіндер,  
Тамашалап көріндер.  
Отауығой жастардың.  
Жаксы бата беріндер.  
Күмбезді зәулім сарайдың  
Құшағына еніңдер.

Бұдан артық сарай жоқ,  
Бұл сөзіме сеніндер.  
Бет ашарын бастайын,  
Көрімдігін беріндер.

Осы тұрған кең сарай,  
Балаңа берген сарай.  
Ортасында елімнің  
Өсіп тұрған гiл сарай.  
Халқымыздың бастарын  
Қосып тұрар бұл сарай  
Болашақтың елімнің,  
Шешіп тұрар бұл сарай.  
Ән мен күйдің толқыны,

Есіп тұрар бұл сарай  
Махабаттың жастардың,  
Тосып тұрар сыр сарай.  
Бәрімізге сын сарай,  
Күтпесек құнсыз болады  
Қанша әдемі болсадай,  
Жаңына жастар бармаса  
Жапанда жалғыз қыршадай.

Іші сырты жарқырап  
Нұр шашпаса бұл сарай  
Ән мен күйі аңқылдап  
Жыр шашпаса бұл сарай.

Қаңырап қалар үй сарай  
Халқым саған айтарым:  
Қанша қиын болсадай,  
Түсінбесек қадірін  
Бәрімізге мін сарай.  
Ал, кәнекей, ағайлар,  
Бәрің бері қараңдар:  
Осындайда еске алар  
Елде бір жақсы адма бар.  
Бәріңде оны білесің  
Айтқанымен жүресің  
Жанын салып осы елге  
Ерекше қосқан үлесің  
Орындап келеді халқымның  
Мақсаты мен мүддесің.

Жанын салып аямай  
Зыр жүгіріп баладай  
Жүрмей қалса жұмысы  
Шыбын шіркей болады ай  
Елдің қамын ойлап жүр  
Өйтпесе бастық болама – ай.

Осындай жандар болатта  
Қарапайым қазақта  
Сол адамды құттықтап  
Мың рахмет айтайық:  
Молдағайып Маратқа.

Мәдениет сарайдың  
Есігі бүгін ашылды – ай  
Сарғайып күткен жастардың  
Мауқы жаңа басылды-ай  
Қуаныштан бүтінгі  
Тау суындай тасудай.  
Кімдерде бар, кімде жоқ  
Зәулім сарай осындай.  
Даяғатшы дайында  
Тойға деген осындай.  
Лентасын қисын есіктің,  
Қызыл – ала, жасылды – ай.  
Қызық думан басталды,  
Ал, шашыңдар шашуды – ай.

## **БІРЖАН АТАМЫЗДЫҢ 150 ЖЫЛ ТОЙЫНДА.**

Біржан – деп өлең айтсам көмей кернеп,  
Кетеді ой қиялым аспанға өрлеп.  
Қаламын өзімді өзім тоқтата алмай,  
Тұрғандай аруағы мені демеп.

Қолыма домбыра алсам тартқым келед,  
Құбылтып әсем әнді басқым келед.  
Үш жүзге мағлұм болған Біржан атам,  
Шырқатып өлеңдерің айтқым келед.

Біржанның өлеңдері асыл келеді,  
Балқытып жан дүниеді ақыл береді.  
Тындасаң кейбір сөзі тебіренгіп,  
Мөлдіреп екі көзден жасың келеді.

Дүниеден талай асыл өте бермек,  
Бір күні дағдыр шүркін бізге келмек.  
Өнерің жалғастырып Біржан атам,  
Халқыма өтсем деймін қылып еңбек.

**(1994 жыл)**

## ЕЛУ – АЙ !

Елу шүркін, кеп қалдың қадам басып,  
Минут сайын жақындап жаталасып.  
Елу десе біреулер елең етіп,  
Әуелінде қалдым ғой шашып – сасып.  
Жарғы ғасыр жалт етіп өте шықтың,  
Сағым болып гүл дәурен барады қашып.  
Мәңгілікке хош сау бол, жастық дәурен,

Елу сұлу келіп тұр амандасып.  
Мақтай тұғын елуді қыз емес қой,  
Амалсыздан қарсы алдым қойнымды ашып.  
Енді, міне, кез келді отыратын,  
Өткен күнді қиялдап мауқым басып.

ААА елу – ай, елу – ай, елу – ай.

Япырмай, қызық екен елу деген.  
Опоңай елу жасқа келу деген,  
Қырқында, қырық бесте жігіт десе.  
Елуге шал атағын беру деген,  
Шал болып қалғаннан соң амал қанша.  
Жастардан енді өзінді бөлу деген,  
Өзгеріп бұрынғыдан көңіл күйің.

Қалады күш қуатқа сенім деген,  
Арс етер бұрынғыдай айбар болмай.  
Қатынның ызыңына тозу деген,  
Бұрыңғы жындылықтың бәрі қалып  
Болдырған асау аттай езулеген,  
Барлығын айта берсек толып жатыр,  
Ісіңе бір құдайдың көну деген.





ААА елу – ай, елу – ай, елу – ай.

Рахмет, бір құдайым бергеніңе  
Құлыңа мен сияқты пендеңізге.  
Рахмет бір құдайым, бейнет бермей,  
Елуге аман есен келгеніме.  
Көрген бар, көрмеген бар бұл өмірді  
Талай жас қыршындарың өлмеді ме?  
Қанағаттық қыламын тіршілікте,

Жер басып адам болып жүргеніме.  
Рахмет, бар өнерді жайып маған

Ұста деп, бір құдайым, бергеніңе,  
Өмірім сол өнердің арқасында,  
айрандап талай қызық көрмедім бе?  
Елуге мүшел жастан асып толдым,  
Өмірдің енді рахат кездеріне.

ААА елу – ай, елу – ай, елу – ай.

## ҚАЙРАН ХАЛҚЫМ (ТОЛҒАУ).

Ойын тойда жадырап бір күлеміз,  
Өлеңдетіп елді мақтап жүреміз.  
Бәрің бірдей мақтағаның жөн болмас,  
Қамшілікті айтпаған соң біреуміз.

Ішіп алып тілектерді айтамыз,  
Қазіргі осы біздің берер батамыз.  
Бұрынғыдай бата берер шалдар жоқ,  
Оршылап шүлдірлесіп жатамыз.

Ана тілің қайта оралып қонғандай,  
Қуанып-ек көктен түскен олжадай.  
Алғашында дүрілдетіп кетіп еді,  
Таз қалпына қайта түсіп қалғандай.

Қуанып-ек өз ақшамыз шыққанда,  
Мақтанып-ек мазақ қылған дұшпанға.  
Енді ешкімге жалыңбаймыз деп едік,  
Оның өзі келмей қалды ықшамға.

Егеменді ел болғансоң тамаша,  
Өз ақшамыз шығып еді жаңаша.  
Дүниені қымбаттатып, япырмай,  
Халқымызды алдап соқты балаша.

Халқымызды таң қалдырып аямай,  
Қымбатшылық сөзге сыймай барадай.  
Жан-жағыннан қысып келеді жоқшылық,  
Ойлап кетсем шақша басым шарадай.

Жан жағыма алақ бұлақ қараймын,  
Алайаққа толып кетті маңайым.  
Өткен заман неде болса тыйыш еді,  
Қазіргі өмір күн көрісің – уайым.

Өз бетінмен алға қарай баспадың,  
Орыстардың айтқанынан аспадың.  
Қайта құрұп – байытам деп елімді,  
Бұрынғыдан жаманқылып тастадың.

Бастықтардың айтқанына көнеміз,  
Бір жақсылық болама деп сенеміз.  
Құдай білсің қайда апарып соғарын,  
Сондарынан қойша маңрап ереміз.

Қайран қалып осы заман ісіңе,  
Түсінбеймін өңім бе, әлде түсім бе.  
Осындайда бір ақтарып алмасам,  
Қылықтарың, сыймай барад ішіме.

Байтақ далам ен байлықтын қоры еді,  
Көрінгендер жүретұғын жол еді.  
Қазақтарым, қонақ жайға келгенде,  
Аңқаулығың, дарқандығын мол еді.

Шаңырағың алқам-салқам ашылып,  
Әлі күнге келе жатсың шашылып.  
Өмір бойы бір шыр бітпей бойыңа,  
Бар дүниені ұстай алмай тапшы ғып.

Кемшілікті құр сөз ғылып айтамыз,  
Елімізді қалай енді байытамыз?  
Ас бердік деп бабаларға жыл сайын,  
Тегіп-шашып үйге мас боп қайтамыз.

Қисық сөзге бәрімізде ақынбыз,  
Той дегенде даяр асқа батырмыз.  
Той қылған жер сұлу Көкше топырағына,  
Шөп шығармай бұркылдатып жатырмыз.

Тойда керек, анде – санда халқыма,  
Тойсыз күн жоқ ата – бабаң салтында.  
Той дегенді қай қазағым жек көрсін-  
Қаражатың жетіп тұрса артында.

Әлі дұрыс қосылмай тұр басымыз,  
Сынап отыр досымызда, қасымыз.  
Арғынды ойла тыраштанбай, мырзалар,  
Ақылменен асыл берген асымыз.

Кешір, халқым, кемшілікті айтқанға,  
Кешір, халқым, ыңғайым жоқ мақтауға.  
Өмір бойы мақтағаның азба еді,  
Шындық, шіркін, бажырайып жатқанда.

Өлеңімді, халқым, дұрыс ұғындар,  
Неде болса жақсылыққа бұрындар.  
Жылда тойда шындық жәнін айтам деп,  
Қазыларға жақпай жүрген түрім бар.

Болашақта болар әлі жақсылық,  
Шыдай тұрсақ өте шығар таршылық.  
Патшамыздың сыбырлығын тілейік,  
Шыбын жанды бір құдайға тапсырып.

(1996 жыл)

## Аманбол, балам, аманбол.

Аманбол, балам, аманбол.

Аманбол, балам, аманбол.

Қайда жүрсен адам бол.

Жан-жағына алаң бол,

Аманбол, балам, аманбол.

Қиындық қысып жан жақтан

Құбылып тұрған заман бұл

Аманбол, балам, аманбол. 2 рет

Қазіргі әскер дегенің

Мақтау сөзге тұрмайды.

Ата-аналар баласын

Жіберуге қимайды.

Кешегі өткен заманда,

Көріппе едік мұндайды.

Айналайын, қазағым,

Тәртіпсіз әскер құрғаның.

Сол жерің жанды қинайды,

Сол жерің жанды қинайды.

Аманбол, балам, аманбол.

Аманбол, балам, аманбол.

Қайда жүрсен адам бол.

Жан-жағыңа алаң бол.

Тәртіп болмай әскерде

Құбылып тұрған заман бұл

Аманбол, балам, аманбол. 2 рет



Әлі жап жас баласың  
Әскерге кетіп барасың.  
Екі жыл әскер ішінде,  
Ер жетіп ақ қаларсың.  
Тәртібіне үйреніп  
Шынығып денең толарсың.  
Айырасың шет жерде,  
Жақсы мен жаман арасын.  
Жаман болсан, қарағым,  
Жалғысырап қаласың.  
Жақсы болсаң ардақты,



Абырой, атақ аларсың.  
Осылай әкем айтау деп  
Сағынып еске аларсың,  
Сағынып еске аларсың.

Аманбол, балам, аманбол.  
Аманбол, балам, аманбол.  
Қайда жүрсен, аманбол.  
Жан-жағына алаң бол.  
Дүние қуып адамдар  
Құбылып тұрған заман бұл  
Аманбол, балам, аманбол. 2 рет

Оң сапар, балам, басташы.  
Балалықты тасташы,  
Қанша қиын болса да,  
Жамандыққа баспашы.  
Тәртіп жоқ деп әскерде,  
Қорқып үйге қашпашы.



Әділ бол, балам, адал бол,  
Ар, ұятты сақташы.  
Әкеннің айтқан ақылын  
Жерге тастап баспашы.  
Қайратты бол, қатал бол.  
Жасық боп намыс шашпашы.  
Отан қорғау борышын,  
Абыроймен ақташы,  
Абыроймен ақташы.

Аманбол, балам, аманбол  
Аманбол, балам, аманбол  
Қайда жүрсең адам бол,  
Жан-жағына алаң обл.  
Аманбол, балам, аманбол  
Ақ батамды берейін  
Қабыл ал, балам, жайып қол  
Қабыл ал, балам, жайып қол.

**(1998 жыл)**

## Астаналық ағаларға бір сәлем.

Ақ домбыра, бір қызмет атқаршы,  
Ауылымның өмір-жайын ақтаршы.  
Шындықты айтып, шырылдатып шегімді,  
Тартпадың деп маған кінә тақпашы.

Еңбегінді артынан жұрт бағалар,  
Одан басқа қанша менде шама бар.  
Ауылдағы адамдардың қол жайып,  
Біліп жүрсің астанамда ағалар.

Қайта құрып еш жаңалық ашпады,  
Совхоздарды быт-шыт қылып тастады.  
Еңбегіне еңбек ақы алалмай,  
Ауылдардан көшіп жатыр жастары.

Жұмыс болмай ауыл әбден тозған соң,  
Күн крісі оңбайтұғын болған соң.  
Коммерсант боп едің тапқан ерлерім,  
Көшемізде құшақтап жүр дорбасын.

Жарық болмай май шамдарын жағылды,  
Ауыл халқы қара түнек жамылды.  
Көмір пештер істен шығып мұз қатып,  
Өндірістер мен мектептерін жабылды.

Малдары жоқ бұрынғыдай төлдейтін,  
Бөлшектер жоқ темір тексек жөндейтін.  
Жанар май жоқ егістікке шығатын,  
Ақша да жоқ соның бәрін бер дейтін.

Жоқтық келілжан жағынан қинады,  
Ойлағаннан айналады мыйлары.  
Бір баласын оқытуға қаладан,  
Жетар ме екен өмір бойы жиғаны.

Оқу оқып сауат ашу сауқ қай,  
Ол жағына шамасы жоқ жауып қой.  
Балалардың білімсіз боп қалғаны,  
Болашақта төніп тұрған қауіп қой.

Бастықтардың немқұрайлы қарайды  
Жай халықты мал есебі санайды  
Аудандықтар ақыл айту орнына  
Алдап, арбап аш күзендей талайды.

Бықырлаған қырып салды малдарын  
Мал қораны түгі орнымен жалмадын  
Білемісің егістік жер ілесіз  
Шегірткемен құрай билеп алғанын.

Ауыл түрін көрген адам шошиды  
Иесіз қаңырап қалған өншең бос үйді  
Құны кеше жайнап тұрған ел едік  
Қазір көрсең ішін удай ашиды.

Жанып тұрған өшіргендей оттарын  
Жетімдерге жаудырдығой оқтарын  
Күн көре алмай кәрі құртан жесірлер  
Сатып жүр ғой күн – жүн дүние, боқтарын.

Ұры – қары қаптап кеткен зұлымды  
Мафияңыз жасырады мұнынды  
Әділдік жоқ, адалдық жоқ, заң да жоқ,  
Шағым қылып кімге айтасын мұнынды.

Осы ма еді ағаларым білімді  
Қайта әкелдің қараң қазақ күнінді  
Мақтайтұғын ешбір жерін қалмады  
Мейлі, кесіп менің таста тілімді.

Астаналық ағаларым – тірегім  
Қиратудан басқа жоқ па білерің?  
Нанын, етін, сүтін беріп асыраған  
Ауылдарға ауырмайма жүрегің?

**(1997 жыл)**

## **Келінжан келін!!!**

Кез келіп, келін  
Ініме менің  
Махаббат деген  
Оянған сезім

Келінжан келін,  
Ән жаз деп едің  
Қабыл ал енді  
Осы әнді менің

Құтты боп келін  
Ақталды сенім  
Қуанып туыс  
Мақтады елім

Келінжан, келін,  
Ән жаз деп едің  
Қабыл ал енді  
Осы әнді менің

Келгелі келін  
Ініме менің  
Он жылдық бүгін  
Тойларын сенің

Келінжан, келін  
Ән жаз деп едің  
Қабыл ал енді  
Осы әнді менің



Отызда келін  
Жайнаған кезің  
Құттықтап отыр  
Қайнағаң сенің

Келінжан, келін  
Берерім менің  
Ән жаздым арнап  
Тойыңа сенің

Өзіндей келін  
Табылмас дедім  
Інімде бірақ  
Жан емес тегін

Келінжан, келін  
Еркелеп едің  
Ән жазды арнап  
Қайнаған сенің

Інімде менің  
Тапты ғой теңін  
Сендердей жаспен  
Мықты ғой елім

Келінжан, келін  
Ән жаз деп едің  
Қабыл ал енді  
Осы әнді менің

Келінжан, келін  
Еркелеп едің  
Ән жазды арнап  
Қайнаған сенің

**(1997 жыл)**

## Қазақ тілі қоғамның жиналысында

Ассалаумағалейкум, ағайындар!  
Кәрі-жас, үлкен-күші, ұл мен қыздар  
Жерінен Кіші-қарой аттанатын  
Әкелген біразырақ ән мен жыр бар.

Ағайлар құтты болсын жиналысын  
Жақсы бір мәселені қолға алыпсын  
Қазаққа қазақ тілің үйретем деп  
Атой сап аудан болып қозғалыпсын

Қайырлы болсын түбі жиналыстың  
Көтерген ұлтымыздың ар намысын  
Неше жыл естен шығып ана тілі  
Беленнен орысшаға былғаныпсын

Несіне шындықты айтпай жасқанамыз  
Қалайша орысшаны жұптағанбыз  
Орысша шүлдірлесе балаларың  
Білгендей құдай тілің мақтанамыз

Қазағым, орыс болып барасын ба  
Алексей, Николай боп барасын ба  
Орысты кім бар көрген біз сияқты  
Қазақтың атын қойған баласына

Орысша білмегенге күліп жүрміз  
Қазақша білмегенсіп бұғып жүрміз  
Қазақтың қасиетті дана тілін  
Қарадай қара жерге тығып жүрміз

Қазағым, өзіңе - өзің қылып жүрсін  
Айырылып өз тіліне құрып жүрсін  
Менсінбей өз тіліңнен өзің шошып  
Мазак боп әр жерлерде шығып жүрсін



Қазақ боп бүйтіп көрген күнің құрсін  
Өз тілін ұмытқанды құдай ұрсын  
Кетсең де басқа тілде шешем болып-  
Өз тілің ана тілің биік тұрсын

Бүгінгі бізге керек ойын-күлкі  
Бұрынғы ата-баба дәстүр ғұрып  
Бөлініп егеменді ел болған соң  
Жүрмесін басқа ұлттардың бізге құқы

Сіздерде ойлаңыздар, бауырларым  
Қазақша аталынсын ауылдарың  
Қазақша мектеп ашып әр ауылда  
Жойылсын ала шұбар ауруларың.

**(1991 жыл)**

## Әттең шіркін жастық шақ

Ақ қағазға отырмын басып қалам  
Жастық шақты қиялдап тасып барам  
Бар өнерді бір құдай бергенімен  
Бір өнер жоқ, шіркін-ай машықтаған

Орта жастан орғытып асып барам  
Кәрілердің өкшесің басып барам  
Бұрынғыдай айғалап ән салатын  
Әттең, шіркін, жас келіп жасып барам

Қызығыңды, жас дәурен, болмас айтып  
Дарияда аққудай жүздім қалқып  
Әнім күнге құмарым қанар емес  
Әттең, шіркін, жастық шақ келмес қайтып

Жастық дәурен барады ай тастап кетіп  
Кәрілікті басыма жастап кетіп  
Қадырынды, дариғау, бағалайтын  
Әттең, шіркін, дүние-ай барады өтіп

(1997 жыл)

## Туыстарға ескерткіш

Ағаларым өтіп жатыр дүниеден  
Болмайды екен жібермеймін деген мен  
Бұл өмірде еске алмасам сіздерді  
О дүние не деп жауап берем мен

Қайран туыс, ғұмырларың азғана  
Ажал тағдыр ерте келіп қалған ба  
Бірінен соң бірің кетіп жатқан соң  
Қиялменен өлең жаздым аз ғана

Қайран туыс Мағау мене Жапарқан  
Тағы міне, сіздер менен қоштасам  
О дүниеге сіздер өтіп жатқанда  
Қалам алмай қалай ғана мен жатам

Күн батарда науқастардың ауырлар  
Өлерінді білдіңдер ғой, бауырлар  
Қайныма деп айта тұрған тәңірге  
Қу сүйекте қанша дәрмен қару бар

Туыстарың келіп тұрды қасына  
Бір қасық су төсегіңнің басында  
Бір тамшысын өткізе алмай өңештен  
Араласты көздің аққан жасына

Бір тамшы су өтсе қалдың қуанып  
Ғұмырына тағы бір күн болды азық  
Дүние-мүлік тамшы суға жетерме  
Жатқаныңда шыбын жаның қиналып

Бір тамшы су болып жатты көрегін  
Осы ма еді бұл өмірден көрерін  
Ажал тағдыр бір аланың қолында  
Кім біледі кімнің қалай өлерін

Бұл аурудың азабына төзіндер  
Үміт үзіп бұл өмірден бездіндер  
Балалардың оңашада мұнайып  
Жан әке деп жылағанын сездіндер

Көрініп бір келген осы ажалға  
Қарсы тұрар бұл жалғанда жан бар ма  
Алла бізден күмді аларын сұрамас  
Бауырларым, жыламашы, жылама

Даулетжан мен Мағау және Жапарқан  
Сіздер үшін болмас енді атар таң  
Оңашада есіме алыпсыздар  
Осы өлеңмен ішкі шерді тарқатам

Сіздерді ойлап өмір бойы өтемін  
Қабіріңе қайыр дұға етемін  
Есімдерің мәңгі есте қалсын деп  
Туыстарға бір ескерткіш етемін.

**(1986 жыл)**

## Жігіттерге насихат

Өленді айт дегенде айту керек  
Домбыра біліп тұрсаң тарту керек  
Қызықта әсем ән мен тәтті күйдің  
Бір мезгіл ләззатына балқу керек

Жігітке әуел баста ақыл керек  
Ақылың болса-досың қасыңа ереді  
Шарқытып ән салмасаң анда- санда  
Түнеріп көңіл, шіркін, жасай береді

Жігітке қиналғанда ашу келеді  
Ашуды уақытында басу керек  
Өмірде бәрі жақсы бола бермес  
Қайырын бір алланың тосу керек

Жігіттер, өнер қусаң, асу керек  
Бұрынғы жындылықты басу керек  
Адам боп жаралған соң адал болып  
Арамдық жамандықтан қашу керек

Қолыма домбыра алсам тартқым келеді  
Құбылтып әсем әнді басқым келеді  
Шығарған осы әнді Айтмұхан деп  
Жастарға насихат қып айтқым келеді.

(1987 жыл)

## Еркем – ай!

Мен айтамын өлеңді  
Аянбайын еркем – ай  
Совхозымның тұрмысын  
Баяндайын, еркем – ай.

Еркем, еркем, еркем – ай  
Еркелеген еркем – ай  
Еркелеген еркемді  
Еркелетсем еркем – ай

Жылда бізді жамандап  
Шықпай жүреді атамыз  
Шалабаев келгелі  
Шала байып жатырмыз

Еркем, еркем, еркем – ай  
Еркелеген еркем – ай  
Еркелеген еркемді  
Еркелетсем еркем – ай

Жаңа үйлерді бір көше  
Салып жатыр қатарлап  
Сол көшенің есімі  
«Юбилейный» атанбақ

Еркем, еркем, еркем – ай  
Тезірек кел еркем-ай  
Сондай жаңа бір үйге  
Кіріп алсақ шіркін – ай

Біздің совхоз түзеліп  
Бұрынғыдан өзгерді  
Жоспарларын орындап  
Мақтанатын кез келді

Еркем, еркем, еркем – ай  
Еркелеген еркем –ай  
Нанбасаңыз сөзіме  
Өзің келіп көрсең – ай

Тағы айтайын халқымның  
Қылықтарын, еркем – ай  
Бастықтардың істеп жүрген  
Былықтарын еркем - ай

Еркем, еркем, еркем – ай  
Еркелеген еркем –ай  
Еркелеген еркемді  
Еркелетсем еркем – ай

Ұйықтасамда үнімде-  
Жұмыстарым жанып тұр.  
Обылыстан нефтебазам,  
Екінші орынды алып тұр.

Ерке-ерке-еркем-ай,  
Еркелеген еркем-ай  
Осылардың барлығын  
Өзің келіп көрсен-ай.

**(1985 жыл)**

## БІЗДІҢ ФЕРМАДА.

Бір күні фермамызға кірсем барып  
Бір тобы сиырлардың тұр мұнайып  
Ақырын қастарына жақын келсем  
Біреуі сөз сөйлейді бір ғажайып.

Мен-дейді-әуелінде қасқа сиыр  
Алшандап төрт аяқты басқан сиыр  
Күнінде кәрлік жетіп құным кетіп  
Өзімдей көп сиырдан таптым үйір.

Мінекей енді тұрмыналдарында  
Қараймын аянышпе қалдарына  
Айтсаншы мөніремей тілің жоқпа:  
Кім еді таңба басқан сандарыңа?

Біреуі сол уақытта тұра келді  
Ырсыйған қабырғасы бүкір белі  
Сағызын шайнап тұрған әрең жұтып  
Мөлініп екі көзі сөйлей берді

Қал жайды біздің сұрап сөкпе, бауыр,  
Суық өтіп ден саулық емес тәуір  
Қу сабан анда-санда беретіні,  
Жата-жата екі сан болды жуыр.

Қара сиыр сөйлейді жатып алып  
Тұра алмай өз бағына қатып алып  
-Қыс болса көрген күнім осы-дейді  
Аяусыз бұл жалғанда біз бір ғарыш.

Қызыл сиыр сөйлейді ыңыранып  
Мен тұрмын сөздеріне қайран қалып  
Жылайды қасіретті мұнын айтып  
Мал да болса көзінің жасын ағып.



Бастықты анда-санда бір көреміз  
Бригадир, Зоотехникке құр сенеміз  
Белгілі бір малшы жоқ бағатұғын,  
Біз сорлы енді қайтып күн көреміз.

Малшылар берген жемді алып сатып  
Келеді өне бойы арақ сасып.  
Амалсыз жуан цепте біз тұрамыз  
Қояды екі көзді жудыратып.

Көрдімде осылардың түрін жаман  
Келдім де ақ қағазға бастым қалам.  
Жауапсыз бастықтарға қолданатын,  
Құрметті редакция, бар ма шаран?

**(1980 жыл)**

## Молдағайыпов Маратқа.

Ал, Мәке, жатырмысың көшейін деп  
Тұғырын қыйал ойдың шешейін деп  
Өнердің құдай берген арқасында,  
Мақсатқа алға қойған жетейін деп.

Ал, енді құтты болсын барған жерің,  
Ақталсын мандайыңнан аққан терің.  
Үйренісіп қалып ек біраз жылдай,  
Қош айтуға қимай тұр артта елің.

Болашақ өмір солай сызылып тұр,  
Қоштасып қалың жұртың тізіліп тұр.  
Жүрүші ең жанталасып елімді ойлап,  
Көңілім бір түрлі боп бұзылып тұр.

Қоштасар әнім осы шашу үшін,  
Ойлаған алға бассын асыл ісің.  
Еңбегің ел ішінде есте қалар,  
Ер жігіттер ішінде асылымсың.

Табылар мендей біреу ән сап берер,  
Талайлар маңайыңа самсап келер  
Былай шығып ұмытып кетпе бізді  
Бұнда сенің бір елің аңсап жүрер.

Жасырмай айтар болсам сөздің шынын:  
Бұзылған заманымыз жырым-жырым  
Бақ жанып қызыметің өрге басса,  
Сала жүр елімізге көздің қырын.

Ал, енді ойлағаның бәрі болсын,  
Қасында Сәулетайың сәнің болсын  
Елімнің ардақты бір бастығы еді деп,  
Мәңгілік есте қалар әнім болсын.

(1997 жыл)

## Домбыра (құдалықта)

Қазақтың қасиеті домбырада  
Домбырасыз ойын, той қылдырама  
Күмбүрлеп үн шықпаса домбырадан-  
Ондай той құмарыңды қандырама

Иесі барма мына домбыраның,  
Білетің біреу барма бұның бабын  
Отырмын үні шықпай мысым құрып  
Сокқылап құр ағашты қалжырадым

Домбыра, қалай түстің қолға мұндай  
Қап-қара, бытшыт қылыпты сандығыңдай  
Сен де домбыра деп тартама екен  
Қолына алып салақ әйел майлығыңдай

Атақты Айтпай деген ақын еді  
Құдамыз сол ақынның жақыны еді  
Қәстерлеп ұстамаса домбырасың  
Әлде ол сол ақынның қасыма еді

(2000 жыл)

## Ау, сабазым қазағым.

Ойсыз жалқау қазақтың,  
Бір мақсатқа жеткені-ай.  
Қарт ойнап үйде ұзақ күн,  
Өмірі босқа өткені-ай.

Өзгеріп өмірің жатсадай,  
Ұмтылып алға баспайсың.  
Қиындық жанға батса да,  
Былық етпейсің, саспайсын.

Қайырмасы: Ау, сабазбай, қазағым,  
Ақ жарқын, ашық ажарын.  
Сабырлығын сары алтын,  
Өзіңе қайран қаламын.

Жұмысың жайрап жатсадай,  
Тот басты күрек кетпенің.  
Жанашырға батпаймай,  
Түрегеп ұықтап өткенің.

Таста қазақ ұйқындай  
Өзгеше өмір күн тудай  
Біреуге сеніп жалшы боп  
Бұсбашы тұрмыс сыйқыңдай

Қайырмасы: Ау, сабазбай қазағым,  
Ақ жарқын, ашық қабағың  
Сабырлығың сары алтын,  
Өзіңе қайран қаламын 2 рет

(1996 жыл)

## АРНАУ «АҚШАҚАР-2007»

(Киев селосында)

Армысың ақ ниетті асыл халқым  
Сақтаған қасиетті дәстүр салтын  
Бармысың азаматтар ардақтаған  
Ақ жарлық ауданымның жүзің жарқын  
Бармысың жастарымыз болашақта  
Елімнің жаңғыртатын атақ даңқын  
Бармысың ақыл айтар қариялар  
Байыппен бақылайтын істің артын  
Бармысың өнер қуған өнерпаздар  
Көтерген халқымыздың көңіл шарқын  
Баршаңа басымды иіп сәлем бердім  
Орындап бұл қызықтың басты шартын

Ұлан байтақ мекенім халқым дарқан  
Мақтанатын күн тудай ағарып таң  
Қайыспай қайта-құру кезеңінен  
Қыйындықты қақ жарып алып шыққан  
Егеменді елімнің көк туында  
Қыран бүркіт күн нұрын алып ұшқан  
Жарқырап ел ортасы Астанамыз  
Әсемдігі өзге елдерден озып шыққан

Жаңғырып қазақ атын барша әлемге  
Қызғанышпен қарайдай қаспен дұшпан  
Елу жылда ел жаңа депті бекер  
Он бес жылдақ өзгерді Қазақстан  
Осындай ел басқарған патшамызға  
Өзге елдер қайран қалып болады таң  
Жеткізген осы өмірге қалқымызды  
Атыңнан айналайын ер Нұрсұлтан

Ол, қалқым, күнін тудай жайнайтұғын  
Қырандай аспандағы самғайтұғын

Спорт сүнгіш жастарым еліміздің  
Сайысып осындайда ойнайтұғын  
Қазылар жүлде беріп жеңімпазға  
Әкімдер мол сыйлықты сыйлайтұғын  
Жүлде алған батырлардың қызығына  
Ел жұртым ата-аналар тоймайтұғын

Осындай бізге бүгін қызық болмақ  
Қаройдың төңірегі шулайтұғын  
Қарсы алып ауданымның қонақтарын  
Бұрқылдап ет қазанда қайнайтұғын  
Тік тұрып ауыл қалқы жастар үшін  
Жарысқа қырандарың қомдайтұғын  
Қатарға елу елдің ену үшін  
Спортта керек екен шындайтұғын  
Жетсек деп бізде осылай бұл мақсатқа  
Бастықтар жүгіріп жүр таппай тыным  
Еңбегі зор мұндайда мектебімнің  
Болашақ жастар жайын ойлайтұғын  
Ауылымда осылардың арқасында  
Күн келді алау отты лаулайтұғын  
Менде осылай жастарға жеңіс тілеп  
Осы жырым шашуым сыйлайтыны.

**(2007 жыл)**

## Мазмұны

Алғыс сөз .....	3
Берері бар өлеңдері .....	4
Домбыра .....	6
Кенесары патшамыздың жылдық тойына толғау .....	8
Достарым ай .....	12
Абай десем .....	16
Қызыма .....	17
Ақан сері атамыздың жыл тойына толғау .....	19
Ағам Дәулетжанға .....	22
Садвокасов Смағұлды еске алу тойында .....	26
Мәдениет үйі ашылғанда (1993 ж. 20.12.) .....	28
Біржан атамыздың 150 жыл тойында .....	31
Елу-ай! .....	32
Қайран халқым (толғау).....	35
Аман бол, балам, аман бол. ....	38
Астаналық ағаларға бір сәлем .....	42
Келінжан келін!!! .....	45
Қазақ тілі қоғамның жиналысында .....	48
Әттен шіркін жастық шақ .....	50
Туыстарға ескерткіш .....	51
Жігіттерге насихат .....	53
Еркем-ай! .....	54
Біздің фермада .....	56
Молдағайыпов Маратқа .....	58
Домбыра (күдалықта) .....	59
Ау, сабазым қазағым .....	60
Арнау “Ақ шақар 2007” Спартакиада .....	61

**Айтмұқан Әлімұлы**  
**ТУЫСТАРҒА ЕСКЕРТКІШ**

Басуға 1.04.2009 жылы қол қойылды. Қалыбы 1/16.  
Офсеттік басылу. Таралымы 5. Тапсырыс № 131.

Кітап “Копировальный центр” ЖШС басылды.  
020000, Көкшетау қаласы, Абая көшесі, 114